



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№26 (986) Сәрсенбі 8 шілде 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ГАЗ САЛАСЫН ДАМУ ТҮСІМДІ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында газ саласын дамыту мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев секторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте өңірдегі газдандыру жұмыстарының барысы талқыланды.

«Мемлекет басшысы энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту, елді мекендерді көгілдір отынмен қамту көрсеткішін 65 пайызға жуық деңгейден 80 пайызға дейін арттыру жөнінде тапсырма берді. Бұл – өңірлер үшін аса маңызды міндет. Сондықтан, газдандыру жобаларын уақытылы әрі сапалы іске асырып, белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізуіміз қажет», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мәжілісте тұрғындарды сүйітшіл мұнай газымен тұрақты қамтамасыз ету мәселесі де қаралды. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына, қала және аудан әкімдеріне сүйітшіл газдың тұрақты қорын, тұрғындардың көгілдір отынмен үздіксіз қамтылуын бақылау тапсырылды. Бұдан бөлек, елді мекендердің санитарлық тазалығына қатысты жаңа талаптар талқыланды. Биылғы 1 шілденен бастап қолданысқа енгізілген қалалар мен елді мекендерді

абаттандырудың үлгілік қағидаларын тұрғындарға кеңінен түсіндіру қажет. Қағидаларды бұзу, қоршаған ортаға зиян келтіру фактілері анықталса, заңнама талаптарына сәйкес тиісті шаралар қабылданып, жауапкершілігі сұралды.

Өңірде елді мекендерді газдандыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Биыл 14 жобаны іске асыруға 4,7 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде 2 өтпелі және 12 жаңа жоба бар. Жыл соңына дейін 10 елді мекенді табиғи газға қосу жоспарланып отыр. Нәтижесінде облыс халқы газбен қамту деңгейі 85 пайызға жетеді. 2026–2027 жылдары іске асырылатын жобаларды қаржыландыру үшін 19 млрд теңгенің бюджеттік өтінімі ұсынылды. Қолдау тапса, тағы 16 елді мекенге газ жеткізіледі.

Одан бөлек, «QazaqGaz Aймақ» акционерлік қоғамының инвестициялық бағдарламасы аясында 6 елді мекенді газдандыру көзделіп отыр.

МАГИСТРАТУРА ТҮЛЕКТЕРІНЕ ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ



Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректор Наурызбай Байқадамовтың қатысуымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің магистратура бағдарламасын тәмамдаған түлектерге диплом табыстау рәсімі өтті.

Жаңа Конституцияның қолданысқа енуі аясында өткен магистранттармен кездесуде Мұрат Нәлқожаұлы білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудің маңыздына тоқталды.

Диплом иегерлері білімі мен кәсіби біліктілігін ел игілігіне бағыттап, қоғам дамуына үлес қосатынына сенім білдірді.

Өңірдегі жоғары білім мен ғылымның қарашыңағы саналатын оқу орнын биыл 2600-ден астам түлек бітірді.

«Еліміздің ертеңі мен тірегі – Сіздер секілді жалынды жастарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Әділетті Қазақстанды құрудың басты қозғаушы күші де, оның жаңа белестерін бағындыратын жасампаз қуаты да – өздеріңіз. Президентіміз Қасым-Жомарт

Кемелұлы: «Біздің басты стратегиялық мақсатымыз – жоғары конституциялық қағидаларды іске асыра алатын білімді, дені сау, зияткер әрі озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу» деген болатын.

Сіздер жастық жігерді Тәуелсіздігіміздің тұғырын одан әрі бекітете түсуге жұмысайтындарыңызға сенемін. Бүгінде облысымызда жаңа өндіріс орындары ашылууда, цифрландыру үдерісі жедел енгізіліп, әлеуметтік сала жаңғыртылып жатыр. Жаһандану дәуірінде креативті, жаңашыл әрі тың көзқарасы бар мамандар аса қажет.

Баласының бағын тілеген ата-ананың қуанышында шек жоқ екенін көріп тұрмын. Сіздерге көп рақмет! Ал шәкіртін шыңға шығарған профессор-оқытушыларға аймақ халқының атынан

ерекше алғысымды білдіремін. Сіздер облысымыздың басты байлығы – адами капиталды қалыптастырып келесіздер. Бойларыңыздағы білім мен өнегені Отанымыз – Қазақстанның, туған жеріміз – Сыр өңірінің игілігіне жұмсай беріңіздер», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Токсан жылға жуық тарихы бар университет озық идеялардың жаршысы ретінде ғылымға инновациялық жаңашылдықтарды енгізіп, бәсекеге қабілетті маман даярлау бағытындағы жұмысын табысты жалғастырып келеді. «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары сұранысының тәуелсіз рейтингі – 2026» қорытындысымен еліміздегі көпсалалы жоғары оқу орындары арасында 7-орынға ие болды. Оқу орнының 31 білім беру бағдарламасы республикадағы үздік үштік қатарынан көрінді.

Айта кетейік, биыл университеттің бакалавриат бағдарламасын 630, ал магистратура бағдарламасын 79 түлек тәмамдады.

«Ел тілегі» ақпарат



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

ЖАС СПОРТШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Ел мерейін үстем етіп, халықаралық және республикалық жарыстарда жоғары нәтиже көрсеткен аралық жас спортшылар туған жерге жеңіспен оралып, жерлестерінің ыстық ықыласына бөленді.

Салтанатты қарсы алу рәсімінде спортшыларды туған-туыстары, жағтықтырушылары, спорт саласы мамандары мен аудан тұрғындары қарсы алып, ел абыройын асқақатқан жеңістерімен құттықтады.

Айта кетейік, Тайланд елінің Паттайя қаласында өткен грек-рим күресінен U20 жасар арасындағы Азия чемпионатында 60 келі салмақ дәрежесінде Алпамыс Болатұлы, 55 келіде Әмірмұхаммед Кабулов қола жүлдеге ие болған еді. Сонымен қатар, U15 жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында 46 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Раян Жамсапқызы Азия чемпионатының қола жүлдегері атанды.

Сондай-ақ, 3x3 баскетболдан Қазақстан Республикасының чемпионатында 14 жасқа дейінгі қыздар арасында Айерке Батырбекқызы чемпион атанып, 1 орынды жеңіп алса, 18 жасқа дейінгі қыздар арасында Мейірім Жанұзаққызы үздік үштіктен көрініп, қола жүлдені иеленді.

Жас спортшылардың бұл жеңістері табанды еңбек пен тынымсыз дайындықтың, білікті бапкерлердің кәсіби еңбегінің және спортқа көрсетіліп жатқан қолдаудың жарқын жемісі.



ҚЫЗЫЛОРДАДА ЗАҢСЫЗ ҚОҚЫС ОРЫНДАРЫ ТОЛЫҚ ЖОЙЫЛДЫ

Қызылорда облысында жыл басынан бері қоршаған ортаны қорғау, экологиялық заңнаманың сақталуын бақылау және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар күшейтілді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті басшысының орынбасары Алмас Искаков мәлімдеді.

Жылдың алғашқы алты айында департамент 37 субъектіге бақылау жүргізіп, нәтижесінде экологиялық заңнаманы бұзудың 83 дерегін анықтады. Заң бұзушылықтарды жою жөнінде нұсқамалар беріліп, кінәлі тұлғаларға әкімшілік шаралар қолданылды. Сонымен қатар, өндірістік экологиялық бақылау есебін тапсырмаған 17 табиғат



пайдаланушы жауапкершілікке тартылды.

"Есепті кезеңде құқық қорғау органдарымен бірлескен рейдтер барысында пайдалы қазбаларды заңсыз өндірудің 6 дерегі анықталды. Ал ғарыштық

мониторингтің нәтижесінде облыс аумағынан рұқсатсыз орналасқан 50 қокыс орны анықталып, олардың барлығы толықтай жойылды. Осылайша Қызылорда бұл көрсеткіш бойынша республикадағы

алғашқы өңірлердің бірі болды. Зертханалық бақылау жұмыстары да тұрақты жүргізілді. Жарты жыл ішінде 265 сынама алынып, 2147 зертханалық зерттеу жүргізілді. Соның нәтижесінде қоршаған ортаға әсер ететін бірқатар заң бұзушылықтар анықталып, тиісті әкімшілік шаралар қабылданды. Сонымен қатар, «Қазгидромет» деректеріне сәйкес, өңірде атмосфералық ауа мен су нысандары бойынша жоғары немесе экстремалды жоғары ластану жағдайлары тіркелген жоқ", - деді Алмас Искаұлы.

Бұдан бөлек, өңірде «Таза Қазақстан», «Таза жағалау», «Мөлдір бұлақ» және «Жер сағаты» экологиялық акциялары тұрақты ұйымдастырылып келеді. Сондай-ақ тұрғындарға Telegram-бот арқылы заңсыз қокыс орындары мен экологиялық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау мүмкіндігі кеңінен насихатталуда.

«Ел тілегі» ақпарат

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК – ӘР АДАМНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Жаздың шілдірі ыстығы тұрғындарды өзен-көл жағасына жетеледі. Салқын суға шомылып, табиғат аясында тынығу – жазғы демалыстың ең сүйікті сәттерінің бірі. Алайда сергіп, демалымын деген бір мезет орны толмас өкінішке ұласуы мүмкін екенін ұмытпау қажет. Өйткені су – тіршілік көзі болғанымен, сақтықты талап ететін тілсіз жау.

Осы орайда судағы қауіпсіздік мәселесіне қатысты Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты Есенгелдиев Елдар Талғатұлымен сұхбаттасқан едік.

– Жаз мезгілі басталғалы тұрғындар жаппай суға шомылуға. Осыған байланысты қандай жұмыстар атқарылууда?

– 2026 жылдан бері Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы су айдындарында қала тұрғындарына, халық көп шоғырланатын аумақтарда күн сайын профилактикалық рейдтер ұйымдастыруда. Рейд барысында қала тұрғынына судағы қауіпсіздік талаптары түсіндіріліп, ескерту жұмыстары жүргізіледі.

Өкінішке қарай, атқарылған жұмыстарға қарамастан, белгіленбеген су айдындарында 5 оқыс оқиға тіркеліп, салдарынан 2 жасөспірімнің өмірі қиылды. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2025 жылдың осы кезеңінде 6 жасөспірімнің қаза болғаны тіркелген еді.

«Сақтансаң – сақтаймын» деген сөз бар. Жүргізілген зерттеулер нәтижелерін қарасақ суға кеткендердің дені шомылуға тыйым салынған жерде суға түскенін, балалар бақылаусыз қалғаннан болғанын көрсетуде. Балаларды көзден таса етпеген абзал. Алдымен өзімізге, содан кейін балаларымызға жауапты болайық...

– Халыққа қауіпті аймақтар жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді ме?

– Адам баласы үшін өмірінен артық ештеңе жоқ. Бірақ сол өмірін тәуекелге тігетіндер саны азаймай тұр. Әр шомылу маусымы басталар алдында барлық аймақта түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Суға батып кетудің алдын алу үшін бірнеше ережені қатаң ұстанған жөн. «Суға түсуге тыйым салынады» деген белгілер орнатылған жерлерде шомылуға рұқсат етілмейді.

Бұл жұмыстар жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Биыл да шомылу маусымына дайындық барысында қала аумағындағы қауіпті су айдындары толық зерделенді. Нәтижесінде 16 қауіпті аумақта «Суға түсуге тыйым салынады» тақырыбында алдын алу шаралары өткізілді. Сонымен қатар 46 ескерту тақтайшасы мен 12 баннер орнатылып, 25 трафарет арқылы қауіпсіздік белгілері жаңартылды.

– Су айдындарында қауіпсіздік қағидаларын бұзған азаматтарға қандай шара қолданылады?

– Жыл басынан бері ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 412-бабына сәйкес су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарын бұзғаны

үшін 10 ата-анаға әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салынды.

Қазір еліміздің түкпір-түкпіріндегі шомылуға арналған демалыс орындарының бәрі жұмыстарын бастады. Жаз мезгілінде мұндай демалыс орындарында және өзен-көлдердің жағасында уақыт өткізген жақсы. Алайда судан қорғау қызметі үлкенін де, кішіні де суға түсу кезінде аса сақ болу керектігін ескертеді. Тұрғындардың көпшілігі суға түсу мерзімінің



жариялануын күтпестен-ақ көңіл көтеруге асығады. Судың да адам өміріне тигізетін қауіп-қатері бар екенін жұрттың бәрі білгенімен, одан келетін апатты екінің бірі



ескере бермейді.

– Қазіргі таңда Қызылорда қаласында қандай жағажайлар халыққа қызмет көрсетуде?

– Қызылорда облысы әкімінің 2025 жылғы 3 қыркүйектегі №173 қаулысына сәйкес қала аумағында

– жеке меншік «Сыр толқыны» және коммуналдық «Эдельвейс» жағажайлары ғана ресми түрде жұмыс істеп тұр. Бұл жағажайлар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №34 бұйрығымен бекітілген су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларына сәйкес жабдықталған және келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Сондықтан тұрғындарға тек ресми түрде рұқсат етілген, қауіпсіздік талаптарына сай жабдықталған жағажайларда ғана демалуға кеңес береміз.

Түйін: Адам өмірінен қымбат құндылық жоқ. Сондықтан суға тек арнайы жабдықталған жағажайларда шомылу, қауіпсіздік талаптарын бұлжытпай орындау, балаларды бір сәтке де қараусыз қалдырмау – әр азаматтың басты міндеті. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы ғана қайғылы жағдайлардың алдын алып, жазғы демалысты қауіпсіз әрі мазмұнды өткізе аламыз. Сақтық – өз өміріңді ғана емес, жақындарыңның амандығын да сақтайтын ең сенімді кепіл.

Сұхбатыңызға рақмет!

Зибаш ӘЛІ.



ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАНАДЫ



2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен бірұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

«Ел тілегі» ақпарат

ТӨРГЕ ОЗҒАН ТӨЛ ӨНЕР

Отбасы орталығында 7 шілде – Қазақстан колонершілерінің мерекесіне орай «Төрге озған төл өнер» атты салтанатты кеш ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында Астана қаласында өткен «Көшен көрпе» дүниежүзілік рекордтық жобасына қатысып, Сыр өңірінің мерейін үстем еткен колонер шеберлері құрметке бөленді.

Республикалық жоба аясында еліміздің 17 өңірінен мыңнан астам шебер бас қосып, ұлттық колонердің жаңа белесін айқындаған екі дүниежүзілік рекорд тіркелді. Осы тарихи бастамаға Қызылорда облысынан 58 колонер шебері қатысып, өз туындыларын ұсынып, ұлттық мұрамызды әлемдік деңгейде насихаттауға зор үлес қосты. Салтанатты жиында жоба қатысушыларына алғыс хаттар мен мерейтойлық медальдар табысталып, ұлттық өнерді дамытуға қосқан еңбектері үшін құрмет көрсетілді.

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ ӨТТІ

Президент саябағындағы амфитеатрда «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңі мен «Ел іші - өнер кеніші» өнер байқауының қорытынды шарасы өтті. Ашық аспан астындағы мәдени шарада байқау қорытындысымен үздік деп танылған отбасылар мен талантты өнер ұжымдары марапатталды.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев қатысушылар мен жеңімпаздарды құттықтап, бұл екі байқаудың да қаланың мәдени-рухани өміріндегі маңызы ерекше екенін атап өтті. Сондай-ақ, байқау жеңімпаздарына арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыстады.

Отбасы институтын нығайту, ұлттық құндылықтарды ұлықтау мақсатында өткізіліп келе жатқан дәстүрлі «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына биыл 22 отбасы үміткер ретінде



құжат тапсырды. Нәтижесінде 3 отбасы жүлделі орынды иемденіп, 3 отбасы арнайы номинация иегерлері атанды.

Атап айтқанда, Қызылөзек ауылдық округіне қатысқан Бодановтар отбасы І орын, Қарауылтөбе ауылдық округінің тұрғындары Бимұратовтар отбасы ІІ орын, Қызылжарма ауылдық округінің тұрғыны Ибраевтар отбасы ІІІ орынды иемденді.

Ал, қалаға қарасты кент және ауылдық округтердің өнерпаздары арасында өткен «Ел іші - өнер кеніші» байқау қорытындысы бойынша Бас жүлдені Қызылжарма ауылдық мәдениет үйі жеңіп алды. І орын – Талсуат ауылдық клубы, ІІ орын – С. Майқанова атындағы мәдениет үйі, Белкөл кенті клубы мен Ақсуат ауылдық клубына бұйырса, ІІІ орынды – Абай мәдениет үйі, Қараөзек ауылдық клубы, Ақжарма мәдениет үйі мен Қарауылтөбе ауылдық клубы иемденді.

Берекелі отбасы – елдің тірегі, ал өнер – ұлт руханиятының алтын дінгегі бола бермек.

Аудан жаңалықтары

БАЛАЛАР ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ

Қармақшы ауданы әкімінің тапсырмасымен Төретам кентіндегі Д.Байтөреев көшесінде балаларға арналған жаңа ойын алаңының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Самат Смағұлов, кент әкімі, ардагерлер мен елді мекен тұрғындары қатысты.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген Самат Қыдырбекұлы азаматтарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, бұл ойын алаңы балалардың бос уақытын тиімді өткізуге, сондай-ақ олардың дене шынықтырумен айналысуына және қауіпсіз ортада демалуына мүмкіндік беретінін атап өтті.

Тағлымды шара барысында аға буын ардагерлер өздерінің ақ батасын беріп, сонымен қатар жаңа ойын алаңының лентасын қиылып, нысан тұрғындар игілігіне пайдалануға берілді. Бұл жоба аудан әкімінің қолдауымен кент тұрғындарының сұранысы негізінде салынып, бүгінде балалардың қуанышты демалыс орнына айналмақ.

Қармақшы ауданы



ҚАЗАҒЫМНЫҢ ДАСТАНЫ – ДОМБЫРА

Жаңақорған кентінің «Prime Park» орталық саябағында ұйымдастырылған ерекше форматтағы мерекелік шараға тұрғындар мен қонақтар алдымен «Қазағымның дастаны – Домбыра» атты тақырыптық көрмені тамашалап, ұлттық мұрамыздың тарихы мен тағлымын танытатын құнды жәдігерлермен танысты.

Мерекелік кеш «Қос ішектегі – қазақтың ғұмыры» атты театрландырылған прологпен ашылды. Тағлымды шараға жиналған аудан тұрғындары мен жас буын ұлттық құндылығымыз – домбыраны ұлықтап, күй күмбірін бірге шертіп, ұлттық өнерге деген құрметтерін паш етті.

Шара барысында аудан өнерпаздары ән мен күйден шашу шашып, ұлттық өнердің мерейін асқақтатқан концерттік бағдарламасын ұсынып, тұрғындарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Жаңақорған ауданы



СПОРТ КЕШЕНДЕРІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛМЕК

Қазалы ауданының әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кенті мен Қожабақы ауылында салынып жатқан спорт кешендерін көрді. Қазіргі таңда екі нысанның да негізгі құрылыс жұмыстары толықтай аяқталып, кешендерді пайдалануға беруге дайындық жұмыстары жүргізілуде.

«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жобалардың бірі – Әйтеке би кентіндегі Қазалы мәдени-демалыс кешені аумағында бой көтерген спорт кешені. Құны 628 млн теңгені құрайтын нысанның құрылысын «Болашақ» ЖШС мердігер мекемесі жүргізуде. Ал Қожабақы ауылындағы құны 537,1 млн теңгені құрайтын спорт кешенінің құрылысын «Намыс-Құрылыс» ЖШС жүзеге асыруда.

Қазіргі таңда екі кешеннің құрылыс жұмыстары аяқталып, нысан аумақтарын абаттандыру, ішкі сыртқы орлеу мен тазалық жұмыстары жүргізілуде.

Нысандарды аралау барысында аудан әкімі құрылыс сапасына ерекше назар аударып, барлық жұмыстардың талапқа сай әрі сапалы орындалуы керектігін атап өтті. Мердігер мекемелер мен құрылысқа жауапты сала басшыларына бірқатар кемшіліктерді атап көрсетіп, анықталған кемшіліктерді шұғыл түрде қалпына келтіріп, кешендерді ел игілігіне сапалы әрі мерзімінде беру қажеттігін ескертті.

Айта кетейік, аталған екі спорт кешенінен бөлек, биыл жыл басында «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Бекарыстан би ауылында да осындай заманауи спорт кешені пайдалануға беріліп, ауыл тұрғындарының игілігіне табысталған болатын.

Қазалы ауданы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ



Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін, мемлекет пен халық арасындағы сенімге нұқсан келтіретін келеңсіз құбылыс. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Осы бағытта ауылдық округ әкімдігі тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу мақсатында бірқатар жүйелі шаралар жүзеге асырылуда. Ең алдымен, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға және оның ашықтығын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінуде. Азаматтарға көрсетілетін

мемлекеттік қызметтер заң талаптарына сәйкес белгіленген мерзімдерде және қолданыстағы тәртіп негізінде ұсынылады. Мемлекеттік қызметтер бойынша қажетті ақпараттар әкімдік ғимаратындағы ақпараттық стендтерде және әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларда тұрақты түрде жарияланып отырады.

Сонымен қатар, ауыл тұрғындарымен тұрақты кездесулер өткізіліп, олардың ұсыныс-пікірлері тыңдалады. Жеке қабылдаулар ұйымдастырылып, тұрғындардың өтініштері мен мәселелері заң аясында қаралады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік сатып алу, бюджет қаражатын тиімді пайдалану және мемлекеттік мүлікті басқару салаларында заңдылықтың сақталуы тұрақты бақылауда ұсталады. Қаржылық тәртіпті нығайту және ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында тиісті мониторинг жұмыстары жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан әрбір азамат заң талаптарын сақтап, әділдік пен адалдық қағидаттарын ұстануға үлес қосуы қажет.

Қаракеткен ауылдық округі әкімінің аппараты КММ

АУДАНДЫҚ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҰЙЫМ ТАРАПЫНАН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

1. Ветеринария саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізбесіндегі «Ветеринариялық анықтама беру» ауқымды, әрі өзекті бөлігі болып табылады. Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығының 4 тарауында ветеринариялық анықтама беру тәртібі айқын көрсетілген.

Ветеринариялық анықтаманы алу үшін жануардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың орнын ауыстыруды (тасымалдауды) жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті алушы бекітілген қосымша №12-де көрсетілген жазбаша өтініш ұсынады. Ветеринариялық анықтаманы жергілікті ветеринариялық пункт, жануардың ветеринариялық паспорты және жеке нөмірі, ветеринариялық тексеріп қарау нәтижелері, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы эпизоотиялық жағдайы, ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіру жүйесіндегі жануарлар туралы мәліметтердің негізінде, жануарға және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа беріледі;

Жануарға, жануардан алынатын өнім мен шикізатқа, азыққа берілген ветеринариялық анықтама межелі пунктке дейін, ал жануардан алынған сүтке берілген ветеринариялық анықтама берілген сәттен бастап бір ай ішінде жарамды; жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың, азықтың шыққан жерінің эпизоотиялық ахуалы өзгерген жағдайда бұрын берілген ветеринариялық анықтама алып қойылады.

Ветеринария саласындағы маман, ветеринариялық дәрігері жануардың, жануардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық қарап-тексергеннен кейін ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккорда немесе одан алынған үзіндіде бар жануарлар туралы мәліметтер сәйкес келмеуінде, ветеринариялық паспорт, сондай-ақ жүгіну сәтінде аумақтың эпизоотиялық ахуалының өзгеруі нашарлауы кезінде, көлік құралының ветеринариялық-санитариялық ахуалын бағалау негізінде заңда көрсетілген қағидаларға сәйкес келмеуі мемлекеттік көрсетілетін қызмет беруші немесе ветеринария саласындағы маман, ветеринариялық дәрігер кол қойылған және мөрмен куәландырылған ветеринариялық анықтаманы беруден уәжді бас тартуға құқығы бар;

Ветеринария саласындағы маман, ветеринариялық дәрігер жүгіну сәтіндегі аумақтың эпизоотиялық ахуалын ескере отырып кол қойылған және мөрмен куәландырылған азыққа арналған ветеринариялық анықтаманы береді.

Ветеринариялық анықтама жануарға, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа беріледі және көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күні ресімделеді.

Ветеринариялық анықтама Қазақстан Республикасының аумағында жарамды.

2.«Ветеринариялық паспорт беру» қызметі – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру. Бұл Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес сырғалау, таңбалау, чиптеу тәсілдері арқылы жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы жануарларының төлі мынадай жасқа жеткен күнінен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірмей бірдейлендіріледі: бұзаулар, қозылар, лақтар, боталар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін; құлындрлар – төрт айлық жасынан бастап (таңбалау кезінде), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеу кезінде); тақ тұяқты жануарлардың төлі (есектер, қашырлар, пони, зебра, құлан және басқа жануарлар) – төрт айлық жасынан бастап (таңбалау кезінде), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеу кезінде); асыл тұқымдағы торайлар, әрі қарай өсіруге және өсімін молайтуға арналған торайлар және халықтың шаруашылықтарында күтіп-бағылатын торайлар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (көрсетілетін қызметті алушы) ветеринариялық ұйымға не портал арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынады. Ветеринариялық паспорт бергенде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

Бірдейлендірілген ауыл шаруашылығы жануарлары министрліктің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» дерекқорына енгізіледі. Олар аса қауіпті, жұқпалы ауруларға, атап айтқанда, құтыру, ауысу, лептоспироз, листериоз, сибір жарасы, эхинококкоз, құл, қарасан, оба, туберкулез ауруына қарсы мемлекет есебінен тегін екпе жасалады.

3. «Ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызметін көрсету.

Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дереккорда ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіруді (түзету) жүргізуге өтінішті және тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жібереді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі құжаттар тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері-тегін.

Құрметті аудан тұрғындары! «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген. Сондықтан тұрғылықты жердегі ветеринар маманға жүгініп, ауыл шаруашылығы жануарларын есепке алдырып, тегін берілетін ветеринариялық препараттарды ектіріп, ауырсырқаудың алдын алуға және жануарлар мен өнімдерді ветеринариялық ілеспе құжаттармен тасымалдауға шақырамыз.

Жанакорған аудандық ветеринариялық станция мекемесі

25 ОТА ЖАСАЛДЫ

Кенеттен болатын жүрек өлімінің алдын алуға мүмкіндік беретін заманауи жоғары технологиялық оталардың бірі – кардиовертер-дефибрилляторды имплантациялау. Жыл басынан бері көп бейінді облыстық аурухананың кардиологиялық орталығында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында жүрек ырғағының ауыр бұзылыстары бар пациенттерге осындай 25 ота жасалды.

Жалағаш ауданының 72 жастағы тұрғыны Құлшары Спандиярова бірнеше ай бойы енгізу мен ауа жетіспеушілігін сезініп жүрген. Алайда бұл белгілердің себебі өмірге қауіп төндіретін жүрек ырғағының бұзылуы екенін білмеген. Тексеру нәтижесінде оған кардиовертер-дефибрилляторды имплантациялау ұсынылды. Ота

сәтті өтіп, бүгінде жүрек соғысы қалыпты жұмыс істеп тұр.

«Маған екінші өмір сыйлаған дәрігерлерге алғысымды білдіремін. Жүректің тоқтап қалғандай сезімі, бас айналу мен бері көп бейінді облыстық аурухананың кардиологиялық орталығында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында жүрек ырғағының ауыр бұзылыстары бар пациенттерге осындай 25 ота жасалды. Жалағаш ауданының 72 жастағы тұрғыны Құлшары Спандиярова бірнеше ай бойы енгізу мен ауа жетіспеушілігін сезініп жүрген. Алайда бұл белгілердің себебі өмірге қауіп төндіретін жүрек ырғағының бұзылуы екенін білмеген. Тексеру нәтижесінде оған кардиовертер-дефибрилляторды имплантациялау ұсынылды. Ота

сәтті өтіп, бүгінде жүрек соғысы қалыпты жұмыс істеп тұр. «Маған екінші өмір сыйлаған дәрігерлерге алғысымды білдіремін. Жүректің тоқтап қалғандай сезімі, бас айналу мен бері көп бейінді облыстық аурухананың кардиологиялық орталығында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында жүрек ырғағының ауыр бұзылыстары бар пациенттерге осындай 25 ота жасалды. Жалағаш ауданының 72 жастағы тұрғыны Құлшары Спандиярова бірнеше ай бойы енгізу мен ауа жетіспеушілігін сезініп жүрген. Алайда бұл белгілердің себебі өмірге қауіп төндіретін жүрек ырғағының бұзылуы екенін білмеген. Тексеру нәтижесінде оған кардиовертер-дефибрилляторды имплантациялау ұсынылды. Ота

өлімінің алдын алады.

«Жүрек соғу жиілігі қауіпті деңгейге дейін жиілеген жағдайда құрылғы бір немесе бірнеше электрлік импульс беріп, аритмияны тоқтатып, жүректің қалыпты ырғағын қалпына келтіреді. Кардиовертер-дефибриллятордың қызмет ету мерзімі шамамен 10 жылды құрайды, ал оның құны шамамен 10 миллион теңге. МӘМС жүйесінің арқасында пациенттер бұл жоғары технологиялық медициналық көмекті тегін алады», – деді кардиолог Тілек Жамбыл.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының ақпараты бойынша

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

Конго-Қырым геморагиялық қызбасы (КҚГК) — иксодты кенелер арқылы жұғатын, аса қауіпті, табиғи-ошақты жіті вирусты инфекция. Ауру жоғары қызбамен, қатты уыттану мен және тері мен ішкі ағзалардағы қан кетулер мен (геморагиялық синдром) сипатталады. Өлім-жітім көрсеткіші 30%-дан 40%-ға дейін жетуі мүмкін. Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-батыс және батыс аймақтары (Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Ақтөбе облыстары) бұл аурудың эндемиялық ошақтары болып саналады. Аурудың өршу маусымы көктем (сәуір) мен жаз айларына тұспа-тұскеледі.

Негізгі жұғу жолдары. Кене шағуы: Ең жиі таралу жолы — Nyalomma тектес кенелердің шағуы.

Байланыс арқылы: Ауырған малдың қаны мен немесе тіндерімен жанасқанда (мысалы, мал сою, қыркым кезінде) зақымдалған тері арқылы жұғуы мүмкін.

Адамнан адамға: Науқақтың қаны мен немесе биологиялық сұйықтықтары мен тығыз қарым-қатынаста болғанда жұғады.

Алғашқы белгілері: Инкубациялық кезең (вирустың ағзаға түскеннен ауру белгілері басталғанға дейінгі уақыт) орташа алғанда 2-14 күнге созылады.

Белгілері кенеттен басталады. Дене температурасының 39-40°C дейін күрт көтерілуі және қалтырау. Бас ауруы, бұлшықеттер мен буындардың қатпаруы, әлсіздік. Бет, мойын және кеуде бөлігінің қызуы (капошон синдромы). Іштің ауыруы, жүрек ауруы және құсу. Аурудың 2-6-шы күнінен бастап теріде, мұрыннан, асқазаннан қан кету сияқты геморагиялық белгілердің дамуы.

Алдын алу шаралары: Табиғи ошақтарда

(әсіресе Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде) мал бағу, шөп шабу кезінде жабық киімдер (комбинезон), арнайы етік және бас киім кию. Малдар мен қора-жайларды арнайы дезинсекциялық препараттармен уақтылы өңдеу.

Кене шаққан жағдайда оны өз бетіңіше жұлып алмаңыз немесе қолмен езбеңіз, міндетті түрде жақын маңдағы медициналық пунктке жүгініңіз.

Тұрғындар жануарлармен немесе олардың тіндерімен жанасу кезінде (қырку, сою) сақтық шараларын сақтау қажет - қолғаптарды пайдалану, қолғаптарды шешкеннен кейін қолдарын сабынмен жуу қажет. Кенелерді қолмен жаншуға болмайды.

Табиғатқа экскурсия кезінде кене шағуының алдын алу үшін онда кенелерді оңай табуға мүмкіндік беретін қорғаныш киімін немесе ашық түсті киімді кию, кенені анықтау үшін өзіңізді және киіміңізді мезгіл-мезгіл мұқият қарап отыру, тері мен киімге арналған репелленттерді пайдалану қажет.

Егер кене шағып алғаннан кейін сіз кенеттен қалтырау, температураның жоғарылауы, қан қысымының төмендеуі, дененің ауыруы, бұлшық ет пен буын ауруы, бас айналу, бас ауыру, құрғақ ауыз, кейде жүрек айну мен құсу, мұрынның, қызылықтың, бет терісінің, мойын мен дененің жоғарғы жартысының гиперемиясы байқалса дереу дәрігер мен кеңесу керек.

Есіңізге болсын, өзін-өзі емдеу сіздің денсаулығыңызға зиян тигізуі мүмкін!

**Қ.ОМАРОВА,
Сырдария аудандық СЭББ
басшысы**

Хабарландыру

«Сункар-Ақболат» ЖШС 15.07.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысындағы жер қойнауы учаскесінде 2025 жылғы 11 желтоқсандағы №3891-ЕЛ лицензия бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлау» жоспарына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін көпшілік алдында талқылау түрінде Ұлттық деректер банкі <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында қоғамдық тыңдау өтетіндігі туралы хабарлайды.

Жобаға қатысты ұсыныстар мен ескертулерді <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында қалдыруға болады.

Инициатор: «Сункар-Ақболат» ЖШС, БСН 250840011996, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Саулет м.а., Сеитқасым Жунусов көшесі, 98 ғимарат, тел 8705 766 6936.

Жобаны әзірлеуші: «Эконур» ЖК-і, Қызылорда қаласы, Жахаева көшесі 66/3, тел: 8 (7242) 233035.

Қосымша мәліметтерді алуға болатын электрондық пошта мен телефон нөмірі: 8 (7242) 233035, e-mail: econur2011@mail.ru.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы және пошталық мекен-жайы: Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу Басқармасы: prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел: 8- (7242) -605362.

ТОО «Сункар-Ақболат» уведомляем о проведе-

нии общественных слушаний в форме публичного обсуждения с 15.07.2026 г. в течении 5 рабочих дней на сайте Национального банк данных <https://ndbecology.gov.kz/> по Разделу «Охрана окружающей среды» к плану разведки твердых полезных ископаемых на участке недр в Кызылординской области по Лицензии №3891-ЕЛ от 11 декабря 2025 года.

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на Национальном банке данных <https://ndbecology.gov.kz/>.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Сункар-Ақболат», БИН 250840011996, Республика Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, Микрорайон Саулет, улица Сеитқасым Жунусов, дом 98, тел 8 705 766 6936.

Разработчик проекта: ИП «Эконур», г. Кызылорда, ул. Жахаева 66/3, тел: 8 (7242) 233035.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: тел.: 8 (7242) 233035, e-mail: econur2011@mail.ru.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г. Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, № 1, тел: 8-(7242)-605362.

2026 жылғы Штоқсанда Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Токтаров Аділ Токтарұлы	Ауылдық округ әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағ: 15:00-17:00 аралығы	Апта сайын

2026 жылғы III тоқсандағы «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы мен орынбасарының азаматтарды, заңды тұлға өкілдерін, оның ішінде осы мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Дарибаев Алтынбек Турмағанбетович	Бөлім басшысы	Сәрсенбі сағат 15:00-18:00 ге дейін	Желтоқсан көшесі №3	31-8-70
2	Байболов Бабаназар Туракович	Бөлім басшысының орынбасары	Жұма сағат 15:00-18:00 ге дейін	Желтоқсан көшесі №3	31-8-88



06.07-12.07.2026

Тоқты

Бұл аптада жаңа бастамаларға қолайлы мүмкіндік туады. Жұмыста бастама көтерсеңіз, оң нәтиже болуы ықтимал. Қаржы мәселесінде асығыс шешім қабылдамаған дұрыс. Жеке өмірде ашық әңгіме түсініспеушілікті азайтады.

Торпақ

Сабырлықтың арқасында маңызды мәселелерді реттей аласыз. Отбасылық шаруаларға көбірек көңіл бөлген жөн. Апта соңында күтпеген жағымды жаңалық алуыңыз мүмкін.

Егіздер

Қарым-қатынас пен келіссөздер сәтті өтеді. Жаңа таныстықтар пайдалы болуы мүмкін. Дегенмен, уәделерді орындауға ерекше мән беріңіз.

Шаян

Өзіңізге және денсаулығыңызға уақыт бөлетін кезең. Жұмыста жауапкершілік артады, бірақ еңбегіңіз бағалануы ықтимал. Демалысқа да уақыт қалдыру маңызды.

Арыстан

Шығармашылық қабілетіңіз ерекше байқалады. Көшбасшылық қасиеттеріңізді көрсетуге мүмкіндік туады. Қаржыда жоспарлы әрекет еткен дұрыс.

Бикеш


Үй мен отбасы мәселелері алдыңғы орынға шығады. Ұсақ-түйекке алаңдамай, басты мақсатқа назар аударыңыз. Апта соңында жақсы демалыс күш-қуат береді.

Таразы

Ақпарат алмасу, оқу және сапарлар үшін қолайлы апта. Маңызды кездесулер сәтті өтуі мүмкін. Жақындарыңыздың пікіріне құлақ асқан пайдалы.

Сарышаян

Қаржыңызды қайта қарап, шығындарды жоспарлауға жақсы уақыт. Жұмыста жаңа мүмкіндік тууы ықтимал. Жеке өмірде сенім маңызды рөл атқарады.

Мерген

Белсенділік пен оптимизм жоғары болады. Жаңа жобаларға кірісуге қолайлы кезең. Тек күшіңізді бірден бірнеше бағытқа шашыратпауға тырысыңыз.

Тауешкі

Асықпай әрекет ету тиімді болады. Бұрын басталған істерді аяқтауға назар аударыңыз. Демалыс пен ұйқы режимін сақтаған жөн.

Сүкүйғыш

Достармен және әріптестермен бірлескен жұмыстар жемісті болуы мүмкін. Болашақ жоспарларды нақтылауға жақсы уақыт. Жаңа идеялар пайда болуы ықтимал.

Балықтар

Мансап пен беделге қатысты маңызды өзгерістер болуы мүмкін. Жауапкершіліктен қашпаңыз - бұл өзіңізді көрсетуге мүмкіндік береді. Отбасымен уақыт өткізу эмоционалдык тепе-теңдікке көмектеседі.



ӘН ӘУЕЛЕГЕН ЖЫЛДАР ЕДІ

Қазақ – әнмен тербетіліп, әнмен оянган халық. Олай дейтінім «әу» демеітін қазақ жоқ. Біздің бала күнімізде әншілер саусақпен санаулы болатын. Аты-жөндерін түгел білетіміз. Қазір әнші көп. Бұған қуануға болады. Айта берсін, қалағанды тыңдайсың. Жаратушым қазақ елін ән мен жырдан айырмағай!

Расында, ән – өмірдің сәні. Жақсы ән – жаңға азық, ол – рухани тәрбиенің көзі. Ұлы Абай айтқандай, «құлақтан кіріп, бойды алар» әндер жалғасын тауып, көбейе берсе екен.

Біздің балалық және бозбала шағымыз өткен ғасырдың елуінші жылдарының аяғы мен алпысыншы жылдарға тұспа-тұс келді. Осы кезең қазақ сазгерлерінің жүректі баурайтын, жандуиене керемет сезім сыйлап, көкірегіне қона кететін әндерін шырақпау биікке әуелеткен жылдар еді. Мектеп партасындағы біз:

– Ұстазым менің, ұстазым
Өзімнен өткен қыс-жазым
Қалдырған ізін мәңгілік
Жадымда тұрар жанғырып, – деп ән қайырсақ, есейгесін «Әлі есімде» әнін үйреніп:
– Әлі есімде, әлі есімде сол бір кез,
Көз алдымнан кетпей қойды-ау мөлдір көз, – деп ағымыздан жарылдық.

Бұл екі ән Ұлы Отан соғысының ардагері, аса талантты композитор Әбілхат Еспаевтікі болатын. Қазақстанның халық әртісі Жамал Омарованың орындауындағы «Ұстазым» әні бүгінде «Қазақ радиосының» алтын қорында сақтаулы. Мектеп қабырғасындағы жас ұрпақ осы ғажайып әнді айтып, өсіп келеді. Еспаев әндерінің тақырыбы сан алуан. Отан, бейбітшілік, патриотизм, достық және махаббат лирикаларын қамтиды. Белгілі ақын, қоғам қайраткері Жұбан Молдағалиевтің сөзіне жазылған «Аққуым» әніне тоқтала кетейік:

– Аққуым аспанда емес, жерде менің,
Үніне тоқсан толқып тербелемін,
Келгенде шын айтуға, сыр айтуға,
Болып жүр көктем алыс жер дегенің.
Сен жырлайсың «Гәкку» деп,
Мен жырлаймын «Аққу» деп,
Саған гана құмармын,
Болсадағы аққу көп...
Әнді Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Сұлұшаш Нұрмағанбетова күйкылжыта орындайды. Таныс сөз, таныс әуен болғандықтан ба, тыңдай бергің келеді.

Әбілхат ағаның ел аузынан түспей келе жатқан басқа да әндері жеткілікті, біз соның ішінде гана тоқталып өттік. Замандастары Еспаевты «Қазақ әндерінің королі» деп атайды екен.

Әбілхат Еспаевты ұстаз тұтқан Шәмші Қалдаяқовтың әндері «Қазақ радиосынан» күн құрғатпай беріліп тұратын. (Ол кезде телевизор жоқ) Әдепкіде Мұзафар Әлімбаевтің сөздеріне жазылған «Ақмандайлым», одан «Ақсұңқарым» шықты. Авторлар біріншісін жігіттің қызға арнағаны, екіншісін қыздың жігітке арнағаны депті. Мәтініне зер салсақ, расында соған келеді.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін бір-бір шумағын қайырмаймын қоса жазайық:

– Көкмайса Алағұддың бөктерінде,
Гүл тердік жастық шақтың көктемінде,
Алдыңман арманымдай жарқ етіп ең,
Көңілдім жеткізгендей көкте күнге.
Айналым Ақмандайлым,
Асылым бал таңдайлым,
Жалында жас дәуренде,
Ұялым, жан сәулем де,
Жақсылықтың жоқ сәулем, ерте-кеші
Жадырашы, назданшы еркелеші.

Енді «Ақсұңқарымға» ойысайық:
– Есімде гүл терген көктем еді,
Есті кыз ер жігітті шет көре ме,
Қапысыз қайрылмастай құлай сүйсен,
Құрбыжан құр бекерге өкпелеме.
Батырым баяндым,
Дархан той базарлым,
Ақкөңіл аяулым Ақсұңқарым.
Аяла гүлдіңді,
Ұмытпаң үніңді,
Бір жырла жырды Ақсұңқарым.
Екі дос қаздай, жадырап жаздай,
Жұбыңды жазба, Ақсұңқар!
Тыңда да бірге, сыңда да бірге,
Шыңда да бірге Ақсұңқар, Ақсұңқар!

Екі керемет ән жастың да, жасамыстың да жүрегін тербеді. Әндерді алғаш тыңдағаннан-ақ ұнатып, жеріне жеткізе орындаған Халық қаһарманы, жезтаңдай әнші, әлемге әйгілі Роза Бағланова апамыз екенін білеміз. Бүкіл қазаққа

ән салдырып, «вальстін королі» атанған Шәмші Қалдаяқовтың «Қайықта» әні тыңдаушысын да, айтушысын да махаббат толқытпаймын тербеді. Оқырманның бір қолдесіне жарар, ән мәтінін толық берейік:

– Болсақтағы жаңа таныс,
Жүзсек те алғаш қайықта,
Ұшқыр қиял кетті алыс,
Бұйырмашы айлықа.
Самал болар толғандырған,
Айдын шалқар көл бетін,
Сәулем мені ойландырған,
Сенің жарқын келбетін.
Көздің жүзін құрландырып,
Тұр ма сенің дидарың,
Сол бейнеңді тұрған күліп,
Су бетіне қымдадым.
Ескегіңді берші маған,
Мен есейін, сен еспе,
Су құлкісі сылдырлаған,
Сенің күлкің емес пе?!
Ашылғандай айдын көлде,
Үлкен өмір есігі,
Су бетінде қайық бейне,
Махаббаттың бесігі.
Жылжы қайық осы көлде,
Жыр толтыршы жаным,
Махаббаттың бесігінде,
Тербелейік тағы да.

Біздің кезімізде оқу жылының басында 3-4 күн оқытады да, сабақты жиып қойып, мектептің жоғары сынып оқушылары күрші жинауға апаралы. Біз оған үйренгенбіз. Егінжайға барғанша-қайтқанша қосылып әндетеміз:

– Балауса қыз едің бір кезде,
Шашыңа ақ бантик байлаған.
Өзгеріп кетіңсіз бұл күнде,
Көркіңе көз тастап ойланам, – деп дауыс созамыз. «Ақ бантикті» аяқтай сала:
– Сол бір кез есімде, жағасы бұлақтың,
Айлы жаз кешінде сырласқан ұзақ түн.
Сүйкімді бейнеңді жүректен сақтадым,
Арманым сол жерден сен едің тапқа-ным...
Бұл – «Қайдасын» әні. Жарықтық Шәмші, сезімді сағынышқа жалғай білген, дүниеге бір келіп-кеткен құбылыс ғой.

1966 жылдың қысы болса керек, ауылға Ақтөбеден концерт келді. Өргістердің ішінде (әрі жетекшісі болар) қазақшаға судай, өзін осы жаққа құдамын деп таныстырған Геннадий Шульга деген әнші бар екен. «Сырласу вальсі» деген жаңа бір әнді тыңдалдық. Вальс екпіндідегі әдемі әнді өзі аккордеонына қосылып, тамаша орындаған:

– Түн жамылып келеміз,
Айсыз ашық аспан,
Төбемізде жұлдыздар үнісі
жымылдасқан,
Бара жатқан зымырап,
байқалмайды уақыт,
Бұл не деген қуаныш,
бұл не деген бақыт?!
Алақанда алақан, күлдімдейді көзін,
Күшағымда қуаныш, қасымда
сен өзің,
Күйге толы көңілмен араластық биге,
Қандай ыстық осы шақ,
асықпа сен үйге.

Мектеп бітіретін жылымыз еді, сыныптастар түгел барғанбыз. Шіркін жас дәурен, сезімтал едік! Әннің әсеріне беріліп кеттік пе, концерт аяқталғасын да үйге асықпадық.

Мұны әуелде Шәмшінің әні екен деп жүрсек, ақын Әнуарбек Дүйсенбиевтің сөзіне жазылған Әсет Бейсейітовтікі екен.

Әннің шығу тарихын айтайық. Алматы түні. Әсет таза ауамен тыныстайын деп бір сәт балқонға шыққанда, көше бойында көп ұстасып бара жатқан кыз бен жігітті көреді. Біршама уақыт оларға қарап тұрған композитордың күйсандыққа келіп отырғаны сол-ақ екен, вальс екпінінде шалққан бір әсем саз төгіле берді. Міне, бұл «Сырласу вальсі» еді.

Әсет Бейсейітов көбіне-көп әннің эстрада жанрын қамтыды. Шығармашылық бай-ланыста болып, біраз әндерінің сөзін жазған ақын Серік Тұрғынбековтің мынадай сөзі бар: «Әсет қазақ эстрадасының негізін қалап, оны дамытты. Әндері лек-легімен, толқын-толқын болып шығып жататын. Әндерінің көптігі, үйлесімділігі және тақырып ауқымдылығы жағынан оған ешбір композитор таласа алмайды».

– Бір дәурдің түлеп ұшқан жастары едік,
Бәріміз бір өмір жолын бастап едік,
Армандастар қайда,

абзал достар қайда?
Замандастар, қарлығаштар қайда екен?!

Осылай басталатын Әсеттің «Армандастар» әні әлі күнге құлағамызда. Үйге қайтуға асықпаған манағы бозбала мен бойжеткендер, бүгінде немере-шөбере сүйіп отырған еңбек ардагерлеріміз. Бір-бірімізді іздейміз, кездесіп тұрамыз.

Мәдениет министрлігінің тапсырмасымен 1969 жылы ақын Оспанхан Әубәкіров, балетмейстер Равиль Сүлейменовті ертіп келіп, Әсет Бейсейітовтің Жалағаш ауданында «Алтын арай» ән-би ансамблін құрғанын көп жұрт біле бермейді.

Жақсы ән туыру терең толғанғыс пен табиғат барған талантқа байланысты екені ақиқат. Соны жүрекпен тербесе, оған жақсы мәтін тап келсе, сөз жоқ, халық сүйіп тыңдап, сүйіп айтатын ән болары анық.

1960 жыл. Шілде айының орта тұсы. Алматыдағы кітап дүкенін аралап жүріп, Лия Жақанов көкшетаулық ақын Еркеш Ибраһимнің «Қарлығаш» атты өлеңдер жинағын кездестірді. Көп ойланбастан кітапты сатып алып, жұмыс орнына қайтып оралады. Оқи бастаған ол тұнып тұрған лирикаға тап болады. Сөйтіп отырғанда бөлмеге «Ақмандайлым», «Ақсұңқарым», «Қайықта» деген әндерімен дүркіреп тұрған Шәмші Қалдаяқов кіріп келеді. Лия оқып отырған кітабын Шәмшіге ұстата салып:

– Шәке, қарашы, мұнда «Жалғыз қайық» деген өлең бар екен. Сенің қайығыңа қарағанда мына қайық мұндағы толы сияқты. Айлы түн. Көп жағасы. Түнгі көріністі айыңтай берген. Өлең-тің өн бойынан екі қайықтың мөлдір сезімін аңдауға болады. Бір кездері екеуі осы қайықпен армансыз сәруендеген сынайлы. Кейіпкер сол ғашығын сағынып, өткен күндерін мұңая еске алады. Ал қайық болса, жағада тапжылмай тілісіз тұр. Қандай тамаша сурет, – деп тамсанады Лия.

– Рас айтасын, – дейді Шәмші. Лия Жақановтың ойынан:
– Қараңғы түнде мұңайып,
Толқынға малып тұрмысың,
Жағада жалғыз тұр қайық,
Манайда меңіреу тыныштық.
Менің де сәулем жабығып,
Ойлардан небір айықпай,
Отыр ма екен сағынып,
Осынау жалғыз қайықтай, – деген өлең жолдары кетпейді. Көп толғанады. Содан тамаша ән туалды. Ән болғанда қандай?!

Дирижер, дәулескер күйші, композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Күз бол» әні шыққан бойда «Досмұқасан» тобының орындауында керемет кызығушылық туырды. Әсіресе жастар жағы иіп алып:

– Көзімді жұмсам да көрем сені,
Еседі арманымның қоныр желі,
Күз бол Алағаш бақытыма,
Күз бол көк терек көлеңкелі.
Күз бол, жұлдыз,
Күз бол, айым,
Күз бол, Алағашым, –
деп өз жүректерінің қалауындай қосыла шырақп кеткен.

Нұрғисаның жаныңды елжірететін «Әкеме» әнін тыңдамаған, оны айтпаған ұрпақ жоқ та шығар балкімі?!

– Жас едім өмірге еркін бойламаған,
Күні ертең не боларын ойламаған.
Шарықтап кетсем де алыс қанат қағып,
Өзіңдей қамқор адам қайда маған?!

Нұрғисаның осы әнін талай-талай әнші орындады, бүгіндері де орындалып жүр.

Ұрпақ жалғасуда. Асқар таудай әке болмысын ардақтаған әнді бала біткен айта жүрер. Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазылған «Құстар әні» – Нұрғиса Тілендиевтің әні жанрындағы шырақпа биігі. Қайталанбас хас талантты қайта-ланбас туындысы. Онсыз да белгілі, мәтініне тоқталмай-ақ қояйық.

Әріден бастау алып елмен біте қайнасқан, көңіл көкжиегің нұрға бөлеп, өмірдің сәніне айналған ән өнеріңді кешегісі тарих, бүгінгісі құнды, болашағы да жарқын болары сөзсіз. Тұтастай бір дәурдің әндерін әуелетіп, қазақ даласын тербеген атақты композиторлардың ішінде Лия Жақановтан басқасы (Лия ағамыз жүз жасасын...) қазір арамызда жоқ. Олар ұмытылмайды, әндерімен бірге жасай береді.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
Білім беру ісінің құрметті қызметкері,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусымы айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 күшіне берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:

Тоқмағанбетов

көшесі 36 а,

1 қабат 4 кабинет

Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 6500 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №149
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)